



САЯСИ ФИЛОСОФИЯҒА КІРІСПЕ

Барлығына және барлық жерде
әділдік: иммиграция,
болашақ ұрпақ.



Әділдік барлық жерде бар ма? Ғаламдық әділдік

Осы уақытқа дейін, тек осы тарауда ғана емес, сонымен қатар жалпы кітапта, әрбір талқыланған мәселеде адамдардың әр түрлі мемлекеттерде өздерінің заңдары мен әлеуметтік саясатымен өмір сүреді деген мәселе шындық ретінде қарастырылды. Біз мемлекеттің ресурстарды, өкілеттіктерді, құқықтар мен еркіндікті қалай әділ үлестіретіні туралы мәселені қарастырдық. Осы уақытқа дейін біз мемлекеттер арасындағы немесе түрлі мемлекеттердегі әртүрлі адамдар арасындағы қатынастар туралы мәселені аз көтерген болатынбыз. Дегенмен, біз өзара байланысты, күннен күнге жаһанданып келе жатқан әлемде өмір сүреміз. Көптеген адамдар өздерінің өмірлерінде бірден көп мемлекеттерде өмір сүреді. Одан да маңызды мәселе, Біз күн сайын көптеген елдерде шығарылатын өнімдерді пайдаланамыз. Егер сіз елде жасалған киімді киген болсаңыз да, және жүздеген миль алыс жерде жасалған автокөлікті жүргізсеңіз де, сіздің киімдеріңіздің материалдары немесе сол автокөліктің көптеген бөліктері планетаның басқа жағында тұратын адамдар жасап жауы немесе жасаған болуы мүмкін. Біз медициналық көмек, банк қызметтері, ойын-сауық, спорт сияқты өзіміз тұтынатын қызметтер туралы ойланған кезде әлемнің жаһандануының барлық жерде сезілетіндігін көреміз. Тек қана сіздің өңіріңізден шыққан өнімдермен ғана өмір сүру ақылға қонбайды. Мысалы, Егер сіз Перу немесе Боливияда өмір сүрмесеңіз, сіз картоптан алынған кез келген өнімсіз өмір сүруге мәжбүр болар едіңіз.

Біз өзара байланысты әлем туралы ойлаған кезде алдымызда саяси философияның бірнеше маңызды мәселелері тұрады. Алайда, бұл жерде қазіргі уақытта күрделі алаңдаушылық тудыратын екі мәселені ғана көтеруге және қарастыруға мүмкіндік бар: біріншіден, жаһандық әділдік туралы мәселе және иммиграция туралы мәселе.

Осыған дейінгі дәрістердің бірінде, біз Ян Пеннің бір елдегі теңсіздікті бейнелейтін табыстар шеруін қарастырдық. Ал енді, жаһандық ауқымдағы осындай шеруді елестетіп көріңіз. Жаһандық әділдік туралы авторлар әлемдегі байлықтың шектен тыс теңсіздігін көрсетеді. Қайырымдылық қоры Оксфам 2013 жылы әлемдегі сексен бес ең бай адам төменгі жарты бөліктің бәрін қосқандағы байлыққа ие болды деп мәлімдеді. Бұл қалған төменгі бөлік деп отырғанымыз шамамен үш жарым миллиард адамды құрайды.

«Космополит» және «ұлтшылдардың» арасындағы пікірталас

Жаһандық әділдік туралы қазіргі пікірталастарда бірқатар мәселелер бойынша ортақ келісім бар. Негізінен Африкада және Азияның кедей аймақтарында тұратын әлемдегі ең кедей адамдар өте аз ақшаға күндерін көріп жүр. Олар Америка Құрама Штаттарында болса бір немесе кей жағдайларда екі долларға күр көретін еді. Осындай жағдайда көптеген адамдардың өмір сүруі туралы, ерілген бағалар ерекшеленеді, алайда, күніне екі долларға ғана күн көретіндер екі миллиардтан асуы мүмкін, бұл шамамен әлем халқының үштен бір бөлігін құрайды. Осы адамдардың көпшілігі тамақ жетіспеушілігінен қасірет көріп отыр. Рас, көпшілігі қалай болса да күн сайын өмір сүру үшін жеткілікті калория алуы мүмкін, бірақ көпшілігі аш ұйықтайды, және олардың диеталары (күнделікті тағамдары) жиі денсаулықты сақтау үшін немесе балалар үшін қажетті витаминдер мен басқа да қоректік заттардан айрылады. Бірде-бір саяси философ осындай қиын жағдайларда көптеген адамдар өмір сүретін фактіге риза бола қоймас, және оған біреу риза болуы мүмкін деп ойлау таңқаларлық болар еді.

Алайда философиялық келіспеушіліктер өзара байланысты екі деңгейде пайда болады. Біріншіден, өте бай және өте кедей арасындағы жаһандық теңсіздік тің қай жері дұрыс емес (не дұрыс емес) екендігін біз қалай сипаттауымыз керек? Екіншіден, Осы мәселені шешудің қандай моральдық борышы бар? Бірінші сұраққа жауап берелік. Біз көрген теңсіздіктер туралы айтуға болатын ең айқын нәрсе-олар әділетсіздік. Алайда, бұл мәселеде бір қарағанда көзге көрінбейтін көп нәрсе жатыр, және кейбір философтар кедейлердің нашар жағдайына өте сезімтал болса да, жаһандық теңсіздіктер мен кедейліктің қатаң айтқанда, әділетсіздік екендігін жоққа шығарады. Олар бай адамдар мен ұлттар әлемдегі мұқтаж адамдарға көмектесулері керек деген пікірмен толықтай келіскенімен, дегенмен олардың осылай істеудегі сәтсіздігі әділетсіздік деп есептемейді.

Бұл мәселені түсіну үшін бізге «космополит» мен «ұлтшылдар» деп аталатындардың арасындағы пікірталасты зерттеу қажет. Өкінішке орай, екі термин де адасушылыққа алып келеді. Қарапайым тілде «космополит» деп әдетте жаһандық дүниетанымы бар күрделі урбанисті айтады. Философиялық көзқарас та космополитті «әлем азаматы» деп қарастырады, бірақ осы жағдайда бұл өмір салтына қарағанда әділдік теориясы. Философиялық космополит, кең мағынада, әділдік принциптері бүкіл әлемде барлығына қолданылады деп санайды. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық шекаралар тарихи және саяси тұрғыдан маңызды



болуы мүмкін, өйткені біртұтас әлемдік саяси жүйені ұйымдастыру мүмкін емес, бірақ философиялық және моральдық жағынан олар түбегейлі мағынаға ие емес. Барлық адамдар тең дәрежеде адамдар болып табылады және бүкіл әлемде барлық адамдар бір-бірінің алдында бірдей моральдық міндеттемелері болады. Сондықтан бай адамдарға олар қай жерде өмір сүрсе де кедей адамдарға көмектесуі үшін әділдікті қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жиі жүктеледі, Философиялық ұлтшылдар бұнымен келіспейді. Философиялық ұлтшылдар осы қарапайым тілдегі қолданысы «ұлтшылдарға» қарағанда өз мемлекеттеріне сондай құлай бермеген. Олардың айтуынша, шын мәнінде ұлттық шекаралар маңызды моральдық мәні бар Ұлтшылдар әділдікті жүзеге асыру бойынша міндеттердің көпшілігі мемлекетке ғана қатысты деп санайды. Кез келген мемлекеттегі ауқатты адамдардың, бәлкім кедейлерге көмектесу бойынша әділдікті атқарудың міндеттері болуы мүмкін, алайда олардың айтуынша мемлекеттер арасында мұндай жоқ, сол себептен ол дұрыс емес (ерекше жағдайларға қолданылмаса, біз бұған қай ораламыз). Рас, дейді олар, Ғаламдық байлықтың ғаламдық кедейшілікке көмектесуге моральдық міндеті бар. Алайда бұл міндеттер әділдікке қарағанда қайырымдылық қорларының міндеттері.

Әділет немесе қайырымдылық міндеттемелері

Енді сіз біздің моральдық міндеттерімізді қалай атайтынымыз маңызды емес деп ойлауыңыз мүмкін: екі тарап та біз әлемнің кедей адамдарына моральдық тұрғыдан көмек көрсетуге міндеттіміз деп келіседі, олай болса біз неліктен олар әділеттіліктің немесе қайырымдылықтың міндеттері болып табылуына неліктен алаңдауымыз керек? Бұның маңызды болуының бір себебі әдетте моральдық борыштың алуан түрлері іс-әрекеттің алуан түрлерін талап етеді. Көп жағдайда, әділдік адамның өзіне қарсы келетін міндеттерді туындатуы мүмкін деп саналады, ал қайырымдылық міндеттері ерікті болып келеді. Мысалы, Мемлекет ішінде біз барлығымыз салық төлеуге міндеттіміз, ал біз төлейтін салықтың маңызды бөлігі өздерін өздері қамтамасыз етуге қабілетсіз адамдарды қолдау үшін, оларға қызмет көрсету үшін бөлінеді. Осылайша, біз мемлекет ішінде әділеттілік міндеттерінің бар екендігін мойындаймыз және міндетті салық салу институтын осы міндеттерді орындау үшін пайдаланамыз. Салық төлеуден жалтаратындар айыппұл төлейді немесе түрмеге қамалады. Көптеген мемлекеттерде байлардан кедейлерге маңызды ақша жіберіледі. Кедей адамдар субсидия берілетін тұрғын үй, тегін медициналық қызмет көрсету, олардың балаларына тегін білім беру, сондай-ақ азық-түлік пен киімге арналған ақшамен қамтамасыз етіледі. Алайда, біз басқа елдерде өмір сүретін кедей адамдарға қатысты өзіміздің міндеттеріміз туралы ойланған кезде, бұл таңқаларлық жағдай, ол адамдардың көпшілігінің нені ойлайтынын білдіретін ұлтшылдық ұстаным болып шығады. Расымен, біз қай жерде болса кедей адамдарға көмектесуіміз керек, бірақ біріншіден, біздің ұлттық шекаралардан тыс тұратын адамдарға қатысты міндеттеріміз біздің өз елімізде тұратын адамдарға қатысты міндеттеріміз әлдеқайда кішірек, екіншіден, біздің беру керектігіміз және қанша беру керектігіміз әрқайсымызға байланысты. Үкімет маған менің елден тыс жерде тұратын адамдарға көмек беруім үшін салық салуға міндетті емес. (әділдік себептері үшін емес, стратегиялық, өзімшілдік себептер үшін ұсынылған шетелдік аз көмекті қоспағанда).

Космополит ұстанымы үшін

Бұл пікірталас өзімізді өте ынғайсыз сезінуге мәжбүр етуі керек. Көптеген адамдар ойланбай ұстанатын, ұлтшылдық ұстаным, дегенмен таяз, расизм мен ұжымдық эгоизм арқылы бейнелетін тар көзқарас болып көрінеді. Біз қандай негізде өз отандастарымыздың артықшылықтарын әлемнің басқа бөліктерінде тұратын басқа адамдардың алдында ақтай аламыз? Бірақ, екінші жағынан, біз өз достарымыз бен отбасымызды бейтаныс адамдардан жоғары қоюға үйрендік. Бәлкім, жоғарыда талқыланған дәстүрлі құндылықтарға негізделген ұлттық ынтымақтастық, бәлкім дәл осындай негіздеме өз отандастарға қарағанда шекарамыздан тыс өмір сүретін азаматтарға басымдық беру үшін қолданылады. Және одан басқа космополит нені сұрайды? Мысалы, әділдік бізден Роулздың алуандылық принципі (5 тарауда талқыланған) жалпы әлемге таратуын талап етеді деп айтуымыз керек пе? Бұл дегеніміз біздің міндетіміздің әлемдегі бақытсыз адамдардың жағдайын барынша қолайлы ету дегенді білдіреді. Бұл жоғары дамыған мемлекеттерден дамушы мемлекеттерге орасан зор байлықтың берілуін талап ететіндей көрінеді. Тіпті ресурстар тұрғысынан бай елдердегі кедей адамдар да, жаһандық элитаның бір бөлігі болып табылады, сондықтан да бай елдердің әрбір азаматы өз табысының басым бөлігін беруі тиіс. Бұл әділдіктің талап ететіні ме?

Кейбір адамдар әділдік шынымен де үлкен көлемдегі байлықты бөлуді (беру) талап етеді деп ойлайды.



және де бай мемлекеттердің осылай істемеу фактісі әлемнің қаншалықты терең әділсіз екендігін көрсетеді. Басқалары ресурстарды бере алмау әділеттіліктің емес, қайырымдылықтың кемшілігі деп болжай отырып, ұлтшылдық ұстанымда біраз жұбаныш көреді, ал біз адамдарды ортақ адамгершілік пен моральдық міндеттерімізді түсінуге мәжбүр ету үшін күш-жігерімізді екі есе арттыруға тиіспіз. Алайда, үшінші көзқарас танымал болып келеді. Ол біздің бүкіл әлемдегі адамдарға қатысты әділдіктің міндеттері болатын келісім (ымыра) немесе ортаңғы жолды қалыптастыруға тырысады, алайда, бұл міндеттердің ауқымы әлдеқайда тар, немесе кем дегенде, олар азаматтар арасындағы әділдік міндеттерінен ерекшеленеді. Мысалы, кейбіреулер жаһандық ауқымда тамақ жетіспеушіліктің ауқымын азайту және негізгі санитарлық жағдайларды қамтамасыз ету, медициналық қызмет көрсету және барлығына білім беру бойынша әділдік міндеті бар деп пайымдауы мүмкін, алайда, бір елдің азаматтары басқа елдің азаматтарына жұмыссыздық бойынша жәрдемақы беруі міндетті емес. Бұл неге әр түрлі топтар үшін әділдіктің әр түрлі деңгейлері мен міндеттері болуы мүмкін және ол қалай болады дегенді анықтау өте нәзік мәселе, бірақ бұл мүлде мүмкін емес дегенді білдірмейді. Мысалы, мемлекет ішіндегі азаматтар арасындағы ынтымақтастық пен өзара қарым-қатынастардың жоғары деңгейі шекарадан тыс шығатын әлсіз қарым-қатынастарға қарағанда әділдік үшін әлдеқайда қолайлы шарттар жасайды деп айтуға болады. Егер әділдік өзара қарым-қатынас деңгейіне сәйкес келсе, онда әділдіктің әртүрлі принциптерінің өзара қарым-қатынастың түрлі шарттарын реттеуге негіз бар.

Эмиграция

Ғаламдық әділдік пен қайта бөлу мәселелері өте өзекті және уақыт күттірмейтін мәселе. Көптеген адамдардың өмірлері байлықты бөлісу (трансферлеу) немесе дамытушы бағдарламалар арқылы жақсаруы мүмкін. Дегенмен, белгілі бір тұлғалар кедей мемлекеттен заңды немесе заңсыз жолдар арқылы бай мемлекеттерге көшу өмірлеріндегі ең ұлы өзгерістерге алып келуі мүмкін. Америка Құрама Штаттарына көптеген адамдар Мексика шекарасын заңсыз түрде кесіп өтуге тырысып жатады, олар жиі оңтүстіктен қозғалады, ал Еуропа мен Австралияда жылда он мыңдаған адамдар өте қауіпті теңіз арқылы, сонымен қатар құрлық арқылы Африка мен Азиядан бай мемлекеттерге өтуге ұмтылады.

Қазіргі таңда әлемде эмиграцияға қатаң шектеулер қойылып отыр. Көптеген мемлекеттер егер азаматтар өз елдерінде қудалау қауіпінен қашып отырғандығын дәлелдей алса, сол азаматтарға саяси «қорғаныс іздегендерді» қабылдай алады. Алайда, басқа жағдайларда эмиграция өте қатаң шектелген, жұмыс істеу құқықтары тек медицина немесе инженерия салаларында ерекше қабілеттері бар адамдарға ғана ұсынылады. Егер бұл жоғары білікті мамандардың талаптарына сай келетін адамдарды даярламайтын бай мемлекеттердің мүддесінде болғанымен, бұл осындай адамдарға қатты мұқтаж болған кедей мемлекеттер үшін өте қиын жағдайға алып келеді. Бұл адамдар, жиі мемлекеттік қаржы тарапынан оқыған болатын. Жалпы, бай мемлекеттерге көшкен адамдар еңбекақыларынан өздерінің отбасыларына жіберіп отырады, бұл да үлкен пайда алып келеді. Алайда, дәрігердерді даярлаудың мәні табыс табу емес, медициналық қызметкерлердің болуын білдіреді. Осылайша, екі өзекті мәселе туындайды, біріншіден, бай елдердің көшіп келушілер ерекше мүмкіндік ұсынбаған жағдайда елден тыс ұстап, осылайша кіруді шектеуге құқығы бар ма; және екіншіден, кедей мемлекеттер мемлекеттік қаржы тарапынан оқыған азаматтарды белгілі бір кезең ішінде өз елінде жұмыс істеуін талап ете отырып, көшіп кетуді шектеуге құқығы бар ма.

Болашақ ұрпақ

Біз болашақта ғаламшарда пайда болатын, бірақ қазір өмір сүрмейтін адамдарға не міндеттіміз? Бір қызығы, бұл мәселе соңғы уақытқа дейін саяси философияда талқыланбаған. Әрине, жекелеген адамдар өз балаларына қандай мүлік қалдыра алады, немесе ерекше жазушылар, суретшілер, инженерлер, сәулетшілер және басқа да шығармашылық қызметкерлер болған жағдайда, олар ұрпағына тұтастай не қалдыра алады деген мәселеге алаңдаушылық туғызған. Бірақ Біз қоғам ретінде келешек ұрпаққа не қалдыра аламыз деген мәселе XX ғасырға дейін философтар тарапынан кеңінен талқыланбаған. Адамзат тарихының көп бөлігі бойы, бәлкім, өмір бұрынғыдай жалғасады береді деп болжалды. Ақырында, XVIII ғасырдың соңында басталған өнеркәсіптік революция шапшаң экономикалық дамуға алып келді, және болжам әрбір ұрпақ алдыңғыдан бай болады деген сенімге айтарлықтай өзгеруі мүмкін, сондықтан болашақ өзіне өзі қамқор бола алады. Алайда жиырмасыншы ғасырдың ортасында жаңа алаңдаушылық пайда болды. Демографиялық жарылыспен біріккен индустриаландыру процесі бірігіп, табиғи ресурстарды теңдесі жоқ деңгейде пайдалануға және болашақ өмірге қауіп төндіруі мүмкін ластаушы заттардың



Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Барлығына және барлық жерде әділдік: иммиграция, болашақ ұрпақ.
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

шығарылуына әкеледі. Қазіргі уақытта, әрине, отынның қазбалы түрлерін пайдалану көмірқышқыл газының — «парник газының» шығарындыларына алып келеді, ол ғаламшардың әр түрлі бөліктерінде сыналады, бірақ болашақта адамзаттың денсаулығы мен әл — ауқаты үшін әлеуетті апатты салдарлармен қатар, жаһандық температуралардың жалпы жоғарылауын туындатады. Бірқатар адамдар біздің қайтып келе алмайтын шекарадан өттік, және климаттың өзгеруі міндетті түрде өте маңызды салдары алып келетінін мәлімдейді. Әрине, климаттық өзгерістің болып жатқанын жоққа шығаратын бірқатар адамдар бар, немесе адамдардың іс-әрекеттері оған себеп емес деп есептейтіндер бар, алайда климатты егжей — тегжейлі зерттейтін ғалымдар арасында «антропоцентрилік», яғни климаттың өзгеруі адамдардың қолдан жасаған іс-әрекеттерінің нәтижесінде пайда болған және онымен күресу үшін белгілі бір қадамдар жасау қажет деген ой кеңінен таралған.

Бұл философтар үшін өте күрделі мәселе. Мәселен, климаттың өзгеруі негізінен бай елдердің жылдам дамуының нәтижесінде және келесі ұрпақ үшін ауыл шаруашылығын немесе тіпті елді мекендерді қолдана алмайтын жер бетінде тұратын кедей адамдардың есебінен болады деген ғылыми пікір бар делік. Осындай жағдайда, не істеу керек? Біз қиындықтарды екіге бөле аламыз. Біріншіден, ғылыми тұрғыдан алғанда, біздің ұсынысымыз (таңдау) қандай? Екіншіден, моральдық және саяси тұрғыдан қандай нұсқауларды (ұсыныстар) ұстану дұрыс?

Бірінші сұраққа қатысты жалпы ғылыми көзқарастың үш түрі бар. Осының ішіндегі ең пессимистік пікір ол біз климаттық өзгерісті қайта қайтаруға болмайтын шектен шыққан жағдайға келдік. Бұл жағдайда, біздің бір ғана амалымыз ол осындай қиын болашаққа дайын болу және бейімделу. Алдағы болашақта бүкіл әлем бойынша азық-түлік және су ресурстарына қауіп төнеді. Полярлы мұздардың еруі салдарынан теңіз деңгейінің өсуі Бангладеш пен Филиппин сияқты елдердегі осал жағалаудағы аудандарында апатты су тасқыны туындатады және Мальдив сияқты шағын арал мемлекеттерге жойқын соққы береді. Бұл тіпті Лондон мен Нью-Йорк қоса алғанда, төмен орналасқан ірі қалалардың бірқатар бөліктерінің жоғалуына алып келуі мүмкін. Олай болса, болашақта адамдардың жаппай көшіп-қону әрекеттері жиіленеді және, бәлкім, қалған қолайлы жерлерді иеленуге байланысты зорлық-зомбылыққа негізделген қақтығыс болады. Дегенмен, болашақта ауа-райының қандай боларын болжау қиын. Мысалы, бірқатар сарапшылар, ғаламдық температура өскен сайын Солтүстік Еуропаны жылытатын Атлант мұхитындағы Гольфстрим курстан (бағыттан) жаңылысады немесе жоқ болып кетеді. Олай болса, солтүстік Еуропада температура тұрақты болып қалады немесе тіпті түсіп кетеді, ал әлемнің қалған бөлігі жыли береді және Еуропа жаппай миграцияның нысанына айналады. Бірақ дәл қазіргі уақытта мұндай болжамдар таза спекуляция болып шығады және оның көптеген түрлі әсерлер мүмкін. Сондықтан, белгісіз мәселеге философиялық жауап беру өте қиын.

Егер бірінші ұсынылған пессимистік тәсіл біздің қайтып келмес шектен шыққандығымызды білдірсе, екінші оптимистік тәсілдеме адамзаттың өнертапқыш қасиеті бір «технологиялық шешім» табатындығын айтады. Осы тұрғыдан қарастырғанда, біз «әдеттегідей өзіміздің ісімізді» жалғастыра береміз және ғалымдар бізді құтқарудың амалын табады. Қазіргі уақытта талқыланатын кейбір технологиялардың бірі - көмірқышқыл газын атмосферадан шығаратын «көміртекті ұстап тұратын» құралғы (технология). Шындыққа жанаспаса да, ұсыныстардың бірі көмірқышқыл газын сіңіретін балдырлардың өсуін ынталандыру үшін теңізге темір үгінділерін салу, содан кейін олар өліп, мұхит түбіне түседі. Тағы бір ұсыныс күн сәулесін көрсету және сүзгі функцияларын орындау үшін атмосфераға күкірт диоксидін шашырату. Алайда, бұл технологиялар көп қарама-қайшылықты туындатады. Олар жұмыс істеген жағдайда да, олардың жағымды нәтижелерге қарағанда жағымсыз нәтиже беретін кері салдары да болуы мүмкін, мысалы, өзіміз отқа төзімді ғимараттар үшін пайдаланылған асбесттің «технологиялық ғажайыптарынан» олардың денсаулыққа өлердей қаупі болғанын көрдік және ауаны салқындатудың жаңа технологияларында кеңінен пайдаланылған хлорфторуглеродтардан (ХФУ) кейінірек атмосферада озон қабатын бұзатын кері салдары табылды. Технологиялық шешімдер ғылыми прогреске ерекше таңданатындарға (сүйіспеншілік білдіретіндерге) ұнауы мүмкін, бірақ олармен үлкен сақтықпен жұмыс істеу қажет.

Үшінші көзқарас - біз көміртегінің шығуын азайта аламыз және азайтуымыз тиіс. Ақыр соңында, егер көміртегінің шығуы климаттың өзгеруін тудырса, онда көміртегі шығуын азайту климаттың өзгеруіне немесе керісінше бұрынғы қалпына алып келеді екені анық емес пе? Алайда, бұл бірінші пікір болжағандай, оңай емес, себебі оған тым кеш болуы мүмкін. Көміртегі шығуын қысқарту климаттық өзгеріс мәселесін шешуге пайдалы деп пайымдау, біздің әлі салдарды кері қайтаруға болады деген кезеңде тұрмыз дегенді білдіреді. Алайда, біздің бақытымызға орай көміртегінің шығарындысын азайтудың әлі де оң әсері болады; қалай болғанда да, бұл климаттық өзгерістер мәселесін шешу бойынша халықаралық пікірталастардың



Кітап: Саяси философияға кіріспе
Дәріс: Барлығына және барлық жерде әділдік: иммиграция,
болашақ ұрпақ.
Дәріс авторы: Есбол Мұханбетқалиев

негізі болып табылады. Қазіргі уақытта шығарындыларды азайтудың нысандарын белгілеуге және ең үлкен ауыртпалықты көтеру үшін қандай елдер барынша жауапты екенін келісуге басты назар аударылады.

Моральдық тұрғыдан алғанда, шығарындыларды азайту үшін ең үлкен жауапкершілік аса дамыған елдердің тұрғындарында жатуы тиіс екені айқын көрінеді. Біріншіден, қазіргі уақытта олар жан басына шаққандағы шығарындылардың ең жоғары көздері болып табылады. Кейбір дамыған елдер Африканың Сахарадан оңтүстікке кейбір мемлекеттеріне қарағанда жан басына көміртекті жүз есе көп бөледі, сондықтан бұл елдер оларды пайдалануды айтарлықтай қысқарту мүмкіндігіне ие. Екіншіден, бай елдердің тұрғындары отынның қазба түрлерін барынша көп пайдаланады, нәтижесінде, олар келтірілген зиян үшін «төлемді кері қайтару» бойынша моральдық борышы болады. Үшіншіден, тек бай елдер ғана өз үйлерінде, жұмыс орындарында және көлік жүйелерінде энергия тұтынуды азайтып, өмір сүру деңгейіне қажетті көміртегі шығындыларын төмендетуге мүмкіндік бере алады. Шын мәнінде, көптеген адамдар кедей мемлекеттерге өздерінің шығарындыларын көбейтуге мүмкіндік беру керек деп есептейді, себебі олай істеу дамудың корреляты болып табылады.

Моральдық дәлелдер сенімді көрінеді. Алайда, оларды жүзеге асырумен байланысты саяси мәселелер зор. Біз шынымен де, барлығын сақтап қалуды ұсынатын бір саяси партия болған жағдайда, үкіметке олардың өмір сүру деңгейін төмендетуге уәде беретін саяси партияны сайлайтын бай елдерді елестете аламыз ба? Егер климаттың өзгеруі көптеген ғалымдар ойлаған қауіп болса, онда біз 3-тараудың тақырыбына қайта оралуымыз керек болады. Демократия — кем дегенде, оның қазіргі уақыттағы біз білетін үлгісінде дағдарыс алдында саяси шешімдер қабылдаудың дұрыс тәсілі болып табыла ма? Қолайлы балама тәсіл бар ма? Кем дегенде, біз сайлаушыларды өздерінің мүддесі туралы ғана емес, сонымен бірге болашақ ұрпақтың мүддесі туралы ойлануға итермелеудің жолдарын қарастыруға тиіспіз.